

Лекция 1. Ислам теологиясының пәні, нысаны. Ислам теологиясы ұғымы

VII ғасырда мұсылмандар арасында ортаға шыққан саяси қақтығыстардың бара-бара сенімдік, доктриналдық сипат алуы және Ислам сенім негіздерінде не болмаса мұсылмандардың діни сенімін құрайтын бірсыпыра мәселелерде пікірталастар мен дау-дамайларға себеп болғаны тарихтан белгілі. Осы идеялар күресінің нәтижесінде әр түрлі муржия, мутазила қадария, жабрия секілді ағымдар пайда болды. Міне осы жағдай өзімен бірге Исламдағы спекулятивті философия деп аталып жүрген **Ислам теологиясы** ғылымын өмірге әкелді. Шындығында кейінгі дәуірлерде кейбір авторлар тарапынан жасалған «Ислам теологиясы» ғылымының анықтамалары бұл пікірімізді қуаттай түседі. Мысалы, қазақ даласынан шыққан ұлы ойшыл екінші ұстаз атанған әл-Фараби бабамыздың ойынша «Ислам теологиясы өнері, - шарифат қоюшының (Алла) ашық түсіндірген кейбір шектеулі амал мен сенімдерін қорғауда және оларға қайшы айтылған әр түрлі сөздердің тазаланып шығарылуында, адамның ие болған құдыреті болып табылады. Бұл, амал және сенім негіздеріне қарай екіге бөлінеді. Алайда Ислам теологиясы өнері «фиқһтан» бөлек. Өйткені «фиқһ» шарифат қоюшының (Алла) ашық түрде ортаға қойған амал және сенім негіздерін алады. Оларды негіз ретінде қабылдап, сосын осы негіздерден қажетті болған басқа амал және сенім негіздерін (діни үкімдерді) шығарады. Бұл бойынша мутакаллим (Ислам теологиясымен айналысушы), «Факиһтың» діни үкім шығарғанға дейін басты негіз ретінде қолданған дәлелдерінің қорғаушысы болып табылады».

Лекция 2. Ислам сенім жүйесінің теологиялық негіздемесі

Ислам теологиясының негізі, Алла болсын немесе Пайғамбары болсын, Шарифат қоюшы (Алла) тарапынан жеткізілген діни негіздерді қорғаудан тұратындығы анық айтылған. Әл-Ғазали Ислам теологиясы туралы мына көзқарасты ортаға салады: «Әли Сунна сенім негіздерін (ақида), әли-бидғат (дін дұшпандары) бұзғыншылығынан қорғау Ислам теологиясының мақсаты болып табылады...». Әл-Ғазалидің бұл көзқарасы да Ислам теологиясыды Ислам сенім негіздерін оған қайшы пікірлерден қорғауды мақсат ететін бір ғылым ретінде көрсетіп, Фарабимен бірдей пікірді бөлісіп отыр. Ислам теологиясы, Ислам сенім негіздерін дәлелдеуді және оны сыртқы жат пікірлерден қорғауды мақсат еткен бір ғылым ретінде, оның негізінде күрес пен пікірталастан тұратын бір іргетастың жатқаны белгілі. Осы тұрғыдан басында айтып өткеніміздей мұсылмандар арасында саяси қақтығыстардан кейін басталған теологиялық пікірталастар, Ислам теологиясы ғылымының қалыптасуын дайындаған басты себептерді құрады.

Лекция 3. Ислам теологиясының қалыптасуы мен дамуы

Мұсылмандар, исламның алғашқы жылдарында сенім мәселесінде және әлеуметтік өмірде ешбір алауыздыққа түскен жоқ. Өйткені ол кезде қандай да бір мәселе туындаса пайғамбардан сұрап мәселені шешіп отыратын. Алғашқы іріткінің ұшқыны Хз. Мұхаммед Пайғамбардың өлім аузында жатқан кезінде байқалып қалды. Ислам тарихында «калам-қағаз» мәселесі деп аталатын бұл оқиға әр түрлі қырынан бағаланады. Мысалы, ислам тарихшыларының еңбектерінен мына нәрселерді оқимыз: «Өлім аузында жатқан Хз. Мұхаммед жазу үшін бір нәрсе сұрады. Бір өсиет жазып қалдырғысы келетінін айтты. Хз. Омар «Аллаһ елшісінің науқасы ауырлап барады. Бізбен бірге Аллаһтың кітабы Құран бар, сол бізге көмектеседі» деді. Кейбіреулері «жазатын керек-жарақ әкелейік» деп тұрып алды. Талас-тартыс болып кетті. Мұны естіген Хз. Мұхаммед «Қане барлығыңыз кетіңіздер. Менің жанымда дауласқандырыңыз дұрыс емес. Мені жеке қалдырыңыздар. Менің мына хәл үстіндегі жағдайым (Аллаға қауышу) сіздердің дау-дамайларыңыздан әлде қайда абзал» деп кейіс білдірді. Осылайша сахабалар тарасып, Хз. Мұхаммед қайтадан өсиет туралы сөз қозғамады және жаздырудан бас тартты». Бұл жағдай деректерде әр түрлі қырынан талқыға түседі. Шииттік деректер «егер өтініш орындалғанда Хз. Мұхаммед Пайғамбар өзінен кейін Алидің имам болатынын жаздырар

еді» десе, сахабалар және басқа мұсылмандар діннің негіздерінің толық түсіп біткенін білдіретін Маида 5/3 сүресін дәлел келтіріп, пайғамбардың жазудан бас тартқан мәселесінің дінмен байланысы жоқ екенін алға тартады. Алайда осы мәселе тарих бойына Шииттер мен Сунниттердің арасындағы араздықтың себебі болды. Имамдық мәселесіндегі аталған келіспеушілік әлі күнге дейін жалғасып келеді. Хз. Мұхаммед Пайғамбар қайтыс болғасын мұсылмандардың арасында ортаға шыққан алғашқы келіспеушілік халифалықпен байланысты болды. Бану Саиданың үйіндегі халифалыққа қатысты дау-дамай ұзаққа созылмады. Әбу Бәкір өзінің парасатты сөздерімен қарсы жақты тоқтамға келтіре білді. Ансарлардың халифалық таластары ислам тарихында қандай да бір іріткінің көзіне айналған жоқ, дереу ұмытылып кетті. Ал халифалықтың Хз. Алиге, яғни Хз. Мұхаммед Пайғамбардың отбасына тиісті екендігі туралы көзқарас үшінші халиф Османның тұсында қайтадан жаңғырды және үлкен дау-дамайлар мен соғыстарға, бөлінушіліктерге әкеліп соқтырды. Осы Осман халифтың (644-656 жж.) тұсынан бастап мұсылмандардың арасына саяси, сенімдік тұрғыдан жік түсе бастады. Осман халифтың қатыгездікпен өлтірілуінен кейін саяси сипаттағы қауіпті жанжалдар өрши түсті. Әсіресе одан кейін билікке келген Али халифтың тұсындағы харижиттермен болған қақтығыс Исламдағы мазһабқа бөлінудің ең алғашқы көрінісі болып табылады. Бұл кездегі пайда болған мазһабтар негізінен саяси мәнде болып, дінді жамылып әрекет етуде еді. Али халифтың өлтірілуінен кейін (660 ж) пайғамбардың және сахабаларының жолымен келе жатқан Әли Суннаның алдында басты-басты бес негізгі мазһаб ортаға шықты. Бұл мазһабтар өздерінен кейін пайда болатын басқа мазһабтарға алғышарт жасап берді. Олар: Харижиттер, Қадариттер, Жабариттер, Шииттер және Муржииттер.

Лекция 4. Калам ғылымы – калам ғылымының қалыптасуы мен басты ерекшеліктері.

Көптеген діни топтар, мектептер, секталар мен діни ағымдар арасындағы талас тартыс, диспут нәтижесінде мұсылман теологиясы қалыптасып, оның аты Калам деп аталды. Калам Исламдағы еркін ойлаушылдықтың логикалық және тарихи бірінші философиясының формасы болды. Ол Ислам сені негіздерін қатып қалған догмамен емес ақылмен қабылдап түсіндірудің қажеттілігін көрсетті. Каламның негізгі тезисі «дінді ақылмен пайымда». Спекулятивті теология деп аталуының себебі көптеген діни догмаларға рационалды тұрғыда мазмұн бергендігінде. Каламдағы негізгі мәселелерге жататындар: мұсылман қауымын басқарушыларға керекті жағдайлар, әрбір адамның өзінің істеген істеріне жауапкершіліктері, құдай бірлігі және оның негізі мен атрибуты арасындағы қатынас және т.б. Каламдық көзқарасты көптеген мектептер шығарды.

Лекция 5. Алғашқы кезеңде пайда болған калам бағыттары

Муржия – Шииттер мен Харижиттердің пайда болған кезінде сол дәуірдің саяси жағдайларына қатысты өз ұстанымдарын көрсетуде бейтарап қалғандардың қалыптастырған ағымы болып табылады. Бұл ағымның қалыптасуына бірінші кезекте сол дәуірдегі ағымға бөлінушіліктер, екінші халифалық мәселесі ықпал еткен. Муржия мүшелері Шииттер мен Харижиттердің көзқарастарына қосылмаумен қатар халифат мәселесінде де бейтарапшылдықты ұстануға тырысқан.

Муржия ағымы өз арасында көптеген тармақтарға бөлініп кеткен. Өкілдерінің басқа доктриналық (калам) мектептердегі орындарына қарай «харижиттердің муржиясы», «қадариттердің муржиясы», «жабариттердің муржиясы» секілді есімдер алуы, муржияның дербес және жүйеленген өзіндік мектеп болмағанын көрсетеді. Муржия өз дәуірінің саяси және қоғамдық шарттарының нәтижесінде ортаға шыққан бір ағым болып табылады. Омейядтар халифаты тұсында өмір сүріп, Аббасидтер халифатының тұсында жоқ болып кетеді.

Омейядтар кезінде ортаға шыққан бір топ, тағдырды анықтау барысында адам баласының ерік бостандығының мүлдем жоқ екендігін, барлық нәрсенің алдын ала

бекітілген жазмышқа қарай жүзеге асатынын алға тартты. Олардың ойынша, «Адам баласының ешнәрсені өз еркімен жасауға дәрмені жоқ. Ол бүкіл іс-әрекеттерінде еріксіз (жәбр). Өйткені ешқандай күші, құдыреті, таңдау еркі жоқ. Осы пікірді ұстанатындарға ислам ойшылық тарихында Жабрия немесе Жабариттер деген атау берілген.

Мұсылмандардан бір топ, тағдыр дегенді түбегейлі жоққа шығарып, «адам баласы бүкіл іс-әрекеттерінде ерікті» деген көзқарасты ортаға қойды. Бұларды «Қадариттер» деп атады. Қадария ағымы тек қана тағдырды жоққа шығарған дербес бір мектеп ретінде сақталмаса да, осы тұста ортаға шыққан Мутазилиттер ағымының идеологиялық тұғырларының бірі осы «тағдыр мәселесі (қадарияшылдық)» болды. Мутазилиттерді тіпті Қадариттердің жалғасы деп те айтуға болады.

Лекция 6. Мутазилиттер болмыс және таным мәселесі туралы

Мутазила мазһабының ежелгі грек философиясымен терең айналысулары және рационалистік пайымдауды нақылға сүйенген діни мәтіндердің алдына шығаруы, өздеріне тән Ислам теологиясының шығуына себеп болуымен қатар, алдағы уақыттарда мутазилиттердің өздерін де ішіне алатын Исламға жат ағымдармен күресетін «Әли Сунна» Ислам теологиясының қалыптасуына да алғышарт жасады. Осы тұрғыдан алғанда Ислам теологиясы ғылымын мутазиланың шығуымен бірге қарастырғанда тұрған бір дәнне жоқ. Мутазилиттердің әли-суннаға сенім негіздеріне байланысты мәселелерде қарсы келген жерлерінің әсіресе екеуі өте маңызды. Бұлардан біріншісі адамның іс-әрекеттерімен байланысты. Мутазилиттердің ойынша іс-әрекеттердің шынайы жаратушысы Алла емес, адамның өзі. Осы себепті адам сауап және жазаға лайықты болмақ. Мутазила, бұл көзқарасымен тағдырды жоққа шығарып, Хз. Мұхаммед пайғамбардан келген тағдырмен байланысты хадистерді терістеп, сахабалардан бастап осы хадистерді жеткізген рауилерді жалғаншылар деп айыптады. Ал әли-сунна бойынша адамның іс-әрекеттерін Алла жаратады. Бұл жаратуда адамның еркінің ешбір рөлі жоқ. Барлық нәрсе Алланың қалауы аясында жүзеге асады. Пайғамбардан осы мәселеге байланысты айтылған хадистерді сахих деп санап оларды сол тұрған күйінде қабылдау керек.

Мутазилиттердің әли-суннаға қайшы келген екінші мәселесі, Алла Тағаланың сипаттарымен (атрибууттары) байланысты. Мутазилиттердің ойынша Алла есту, көру, ғылым, өмір, құдырет және сөйлеуші секілді мәнімен (болмысымен) тұтас сипаттардан ада болып табылады. Өйткені бұл сипаттар дәлелденген жағдайда мәңгіліктің көбеюі қажет болады. Әли-сунна болса бұл сипаттардың Алла Тағаланың болмысының (мәнінің) не өзі не басқасы емес, бірақ онымен тұтас «мәңгілік» екендігін ұстанады.

Жалпы алғанда мутазилиттердің ортаға шығуы және грек философиясымен терең айналыса бастаулары, Ислам дінін осы философияның аясында түсіндіруге тырысулары сол кезге дейін мұсылмандар арасында үстем болып келген Ислам сенім негіздеріне қайшы келді. Сену қажет нәрселер ығыстырылып, жаңа сенімдер шығарылды. Хадисшылар қауымын да осы сенімдерді қабылдауға зорлады, қорқытты, азаптаулар жасады. Ислам тарихында бұған қатысты көптеген мысалдар мен деректер бар. Мутазилиттер өз ұстанымдарымен үйлеспейтін хадистерді жалған деп мойындамаумен қатар, хадисшыларды да жалғаншылар деп айыптады. Осының нәтижесінде екі жақтың арасында өте ауыр айыптаулар мен пікірталастар орын алып, мутазилиттердің билікпен тіл табысқаннан кейін хадисшыларды халифаның себебімен ауыр жазаларға ұшыратты. Мутазила имамдары, жақсы немесе жаман іс-әрекеттерін, философиялық көзқарастарын халыққа таратуды жоспарлап жатқанда, хадисшылар қауымының да суннаға негізделген сенімдерін жаю үшін қайрат жұмсауларын қалыпты нәрсе деп қабылдау керек. Негізінде хадисшылардың діни мәселелерде ұстанған сенімдері мутазиладан ерекше болып, Құран және хадистен тапқан, діни мәтіндердің білдірген мағынасынан тұрды. Өйткені діни мәтіндердің дұрыстығы олар үшін айқын болғаннан кейін, ол діни мәтін нақты сенім қалыптастырады. Осы тұрғыдан хадисшылардың жасайтын ең бірінші шаруасы, әр

қайсысы бір амал немесе бір сенімді қажет ететін хадис мәтіндерінің насихатталуы және жеңіл қолдана алу үшін кітаптарға жүйелеп жинақтау болды. Ал мутазиттерде жағдай басқаша. Олар үшін діни мәтіндердің дұрыстығы, мағынасының өз ұстанымдарына сәйкескен жағдайында ғана құнды болмақ.

Лекция 7. Ашариттік бағыт: Ашаридің ілімі

Сенім негіздерінде Әбул Хасан әл-Ашаридің (өлімі 936 ж.) көзқарастарын ұстанатындардың мазһабына берілген атау. Имам Ашари Басра қаласында дүниеге келеді, қырық жасына дейін Мутазила мазһабында болады. Кейіннен тарихта «үш бауыр» деген мысалмен танымал оқиғадан кейін ұстазы Әбу Али Жуббаиден бөлініп кетеді. Пікірталаста ұстазын жеңген ол, өз алдына Ашарилікті құрады. Ашари Мутазила және басқа да сол кездегі дүниетанымдық ағымдармен күрескен. Ашарилік көбіне Мутазилаға қарсы ілім ретінде пайда болып, философияға қарсы ілім ретінде жалғасып отырған. Осы себепті Ашарилік Салаф сеніміне Матуридилерге қарағанда алшақтау екенін айтуға болады. Ашари ғалымдар кейде түсіндірмелеулерге (тәуил) өте көп назар аударса, кейде қалам ғылымында жаңалықтар мен өзгерістер жасай отырып қалам ғылымын философиямен бәсекелесе алатын жағдайға жеткізген.

Қазіргі таңда әлемдегі суннит мұсылмандардың 13% -ын құрайтын Маликилердің дені, 33% -ын құрайтын Шафилиердің төрттен үш бөлігі және Ханафилиер мен Ханбалилиердің аз бөлігі сенімде Ашари мазһабын ұстанады.

Ашарилік әли суннаның негізгі ұстанымдарын қабылдаумен қатар, кейбір жерлерде Матуридиліктен бөлініп, өзіндік көзқарастар алға тартқан. Оларды қысқаша былай көрсетуге болады:

А) Діни уағыз жетпеген адамдар ақылдарымен Алланы таба алмайды және оған иман етумен міндеттелмейді.

Ә) Жақсы мен жаман ақылмен емес, шариғатпен білінеді. Бір іс-әрекет Алла бұйырғандықтан жақсы, тыйым салғандықтан жаман болып табылады. Іс-әрекеттің өзінде жақсылық жамандық деген жоқ.

Б) Адамда жеке дара ерік жоқ. Адамның еркі Алланың еркіне тәуелді. Адам қалайды, Алла қаласа жаратады, қаламаса жаратпайды.

В) Алла адамның күші жетпейтін нәрсені адамға жүктеуі мүмкін.

Лекция 8. Шииттік қалам: мәні мен ерекшелігі

Шииттік (Шиа) - Ислам дініндегі екі үлкен бағыттың бірінің аты. Шииттіктің қалыптасуы туралы ғалымдар арасында көптеген пікірлер бар. «Шиа» араб тілінен аударғанда «жақтас», «көмекші», «партия» және «фырқа» (топ) мағыналарын береді. Термин ретінде «шиа» Хз. Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін Хз. Али және ұрпағының имамдық (халифалық) үшін ең лайықты кісілер екенін және мұның қасиетті мәтіндер (Құран және Сүннет) арқылы бекітілгеніне сенетін қауымға берілген есім болып табылады. Бүкіл шииттер Алидің Мұхаммед пайғамбар тарапынан халифа етіп тағайындалғанын және оның ең ұлы сахаба екендігін бір ауыздан қабылдап, мойындайды.

Шииттердің діни доктринасының негізін қалаған Абдулла ибн Саба деп есептеледі. Ол шеткі шииттердің көшбасшысы болған (VII ғасырдың орта шені). Оның есімімен әрбір пайғамбардың, соның арасында Мұхаммедтің де «рухани өсиетхатын қабылдаушысы» (уаси) болатындығы туралы идея байланыстырылады. Алиді уаси деп жариялау оның тегінің таңдаулы екендігіне баса назар аударатын. Алидің көзі тірісінің өзінде-ақ, оның айналаласындағылардың ішінде оны құдайдай көріп, пір тұтқан адамдар кездескен. Шииттердің діни ілімінің рәсімделу кезеңі Аббасидтер әулетінің орнығу уақытымен, яғни VII ғ. соңынан VIII ғ. ортасына дейінгі дәуірмен анықталады. Оған қастандық жасалғаннан кейін жараланып өлген Алидің қасіретінің культі және Кербалада 680 жылы өлтірілген оның баласы - Хусейннің тартқан азабы - шииттердің діни ағымға айналуына әкелген басты факторлар еді.

Шииттер де барлық ислам жолын ұстанушыларға ортақ бастау – Құранға иек артты. Рухани билікті Алидің мұрагерлігіне беру туралы жалпы принцип – имапат («қауымның жетекшілері») о бастан берілген, бекітілген дүние болмайды. Нәтижесінде заңды талапкерді анықтау барысында өте күрделі, кейде, тіпті шешілместей мәселелер туындап отыратын. Әрбір шииттік имам қайтыс болғаннан кейін оның орнын кім басатындығы туралы алауыздық басталып кететін, сөйтіп Алидің үрім-бұтақтарының әрқайсысы өз тарапынан билікке келетін адамның мүддесін қорғайтын. Билікті берудің принципіне қатысты көп түрлі түсініктер болғанымен де, шииттік ортада Алидің әулетінің мұсылман қауымында билік етуге елден асқан құқы барлығын бұлжымайтын қағида деп танитын.

Шииттер, сунниттер сияқты, Суннаны мұсылман дін ілімінің екінші көзі, бастауы деп есептейді. Бірақ олардың сунниттерден бір ерекшелігі мынада: олар бірінші топтағы аса абыройлы тұлғалар деп төртінші «тақуа халиф» Алиді, оның жақын әріптестерін, сонымен бірге, Али әулетінен шыққан имамдарды таниды. Өздерінің аңыздарын шииттер әдетте **ахбар** («хабар, мәлімет») деп атайды. Олар Мұхаммед пайғамбардың замандастарының - Алидің қарсыластарының қалдырған аңыздарын жалған деп мойындамайды. Шииттік ахбарлар сунниттік ахбарлармен салыстырғанда кейініректегі ахбарлар болып табылады. Олардың өзіндік канонизациялану процесі Х-ХІ ғғ. тиесілі. Мұсылмандардың қасиетті аңыздарын жинаушы шииттік діндарлар арасынан Мұхаммед әл-Кумми (903 ж. өлген), әл-Қулайни (939 ж. өлген), Мухаммед ат-Тусидің (1067/8 ж. өлген) аттары әйгілі.

Лекция 9. аль-Матуриди ілімі

Негізін салушы Мухаммед бин Мухаммед бин Махмуд Әбу Мансур әл Матуриди (852-944 жж.). Ислам сенім негіздерінде Имам Матурийдің көзқарастарын ұстанатындардың қалыптастырған мектебіне Матуриди мазһабы деп айтылады. Бұл кісі қазіргі Өзбекстанның Самарқанд қаласы маңындағы Матурид деп аталатын ауылында дүниеге келген.

Матуридилік Ханафиликтің ақидаға (сенім негіздері) қатысты тұсын дамытып, жетілдірген сунниттік калам мектептерінің бірі болып табылады. Матуридилік ақида саласында аят және хадистермен қатар, ақылға да дінді түсініп, пайымдауда қажетті негіз деп үлкен мән берген. Матуридилік кейбір мәселелерде Салафтарға Ашариттерден де жақын. Кейбір мәселелерде барынша рационалды болғандықтан Ашариттер мен Мутазилиттердің ортасынан орын алады. Матуридилік мазһабын ұстанатын көптеген ғалымдар шыққан және еңбектер жазған. Алайда Матуридилік Бағдат пен Басра сияқты сол дәуірдің ғылым орталықтарынан алыс Мәуреннахр секілді жерде шығып, таралғандықтан Ашариттердей танымал болмаған. Соңғы уақыттағы зерттеулер Матуридилікті өзіндік көзқарастары бар, мәселені объективті тұрғыдан қарастыратын мазмұнды әрі көлемді еңбектері бар калам мектебі екенін анықтаған.

Қазіргі таңда әлемдегі суннит мұсылмандардың үштен екісі Ханафилер болса, Ханафилердің басым бөлігі сенім жүйесінде Матуридилікті ұстанады. Матуридилік Туркия, Балқан түбегі, Орта Азия (соның ішінде Қазақстан мұсылмандары да), Үндістан, Қытай, Пакистанда таралған. Түркі халықтары негізінен сенімде (ақида) Матуриди, фикһта (ислам құқығы, шарият) Ханафи мазһабын ұстанады.

Матуридилік көп жағдайда сунниттік калам мазһабтарынан Ашариттікпен бірдей көзқарасты ұстанғанымен кейбір мәселелерде өзіндік ұстанымдары бар. Осы көзқарастарынан кейбіреулері мыналар:

А) Діни уағыз жетпегеннің өзінде де адам баласы ақылымен Алланы тани алады.

Ә) Жақсы мен жаманды ақылмен білуге болады. Алла бір нәрсені жақсы болғандықтан әмір еткен, жаман болғандықтан тыйым салған.

Б) Адамда жеке дара ерік бар. Адам өз қалауымен таңдау жасайды, Алла болса, адамның қалауына қарай іс-әрекетті жаратады.

В) Алла адам баласының күші жетпейтін нәрсені оған жүктемейді т.б.

Лекция 10. Сунниттік мазабтар және Әбу Ханифа ілімі

Лекция 11. Суфизм діни–мистикалық бағыт

Сопылық ислам діні аясында мистикалық- аскеттік ағым ретінде қалыптасып, түркі және парсы тілдес халықтардың мәдениетінің өзіндік бір ерекшелігі ретінде көрінді. Орталық Азияда Нақышбандия, Қадария, Кубравия және Иассауи тариқаттары таралған. Ислам дініндегі «Тасаууф» (Сопылық) діни – мистикалық ағым. Ғалымдардың пікірінше «тасаууф» (сопылық) сөзінің түбірі «суфәтүн», жүн, түк сөзінен шыққан. Себебі, сопылық жолын ұстанушы өзін Аллаһтың құзырына тасталған жүн тәрізді сезінеді дейді. Ал басқа бір пікір бойынша, «сыфатун» - қасиет деген сөзден тараған. Сопы өз бойына адамзаттың асыл қасиеттерін жинаған адам десе, енді бір ғалымдар «тасаууф» сөзі – «сафа» - яғни тазалық сөзінен шығады деген пікірді ұстанады.

Сопылықтың қалыптасуы мен дамуы бірнеше кезеңдерді қамтиды.

Алғашқы кезең Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) және сахабалар мен табиғиндердің өмір сүрген кезеңі. Бұл кезеңде тасаууф (сопылық) ұғымы болмаған. Ислам дінінің мөлдір бұлағынан, Құран-Кәрім мен Аллаһ елшісінің сүннетінен негіз алған сахабалар мен табиғиндердің амалдары Аллаһты көріп тұрғандай шынайы беріліп құлшылық ету, дүниеге, байлыққа қызықпау болатын.

Мұхаммед (с.ғ.с.) дүниеден озғаннан кейінгі үш ғасырдан бастап ислам діні аясында ислам дінінің негізіне жат түрлі пікірлер мен философиялық көзқарастарды ұстанатын топтар қалыптасты.

Біртіндеп сопылық топтар күшейіп, түрлі тариқаттарға бөліне бастады. Кереметтер және ғажайып құбылыстарға деген көзқарастар көбейіп, сопыларды дәріптеу мен қастерлеу, дүниеден озған соң сопыларды әулие тұтып, қастерлеу орын алды.

Сопыларды ислам дініне бидғат кіргізушілер және ширк жасаушылар деп санайтын топтар мен сопылар арасында дау-дамай шығып, мұсылмандар арасында түсініспеушілік тудырды. Жалпы сопылық туралы айтқанда, сунни - таза сопылық және шынайы сопылықты бұрмалаушы зікіршілер ара жігін ашып алуымыз қажет.

Сопылық туралы пікір айтқанда, сопылық ұғымының мән – мағынасын толыққанды зерттеп қана, яғни біржақты көзқарасты ұстанбай, орта жолды негіздеу арқылы қарастырған жөн. «Суфизмнің іргелі категориясы – білім культі, парасат және махаббат культі. Суфизм тұлғаның қалыптасуы мен дамуының негізі. Суфизм – бұл терең тұлғалық дүние түсінік.» /1/

Сопылықты шынайы түрде Құран-Кәрім мен сүннет негізінде ұстану – Аллаһ Тағаланың бұйрықтары мен тыйымдарын бұлжытпай орындау шариғи заңдарды ұстану. Аскеттік (дүние мүлікке қызықпай) өмір салтын ұстану, о дүниенің қамын жеу, Жаратушыны махаббатпен, ғашықтықпен сүйу, діни мәселелерді сабырлықпен, сақтықпен шешу, шүкіршілік ету, тәубе ету, адалдық, әділдік, дүниеге қызықпаушылық жолын таңдау, ихсан дәрежесіне жету. Аллаһтың әулие құлдары шариғат ілімін жетік меңгереді. Шариғи білімі таяз, надан адам Аллаһтың (әулие) досы бола алмайды.

Сахабалар мен табиғиндер ұстанған сопылық жолы ислам шариғаты үкімдерін орындау және өмір салтын ұстану жолы.

Аллаһ елшісінің жанынан шықпай, Мәдина қаласындағы Пайғамбар мешіті жанына паналаған үйсіз-күйсіз сахабалар «Әблу – Суффә» деп аталады. Саяси билік үшін тартыс кезінде тақуа кісілер саяси тартысқа, дүниелік істерге араласпай оқшау тыныш өмірді таңдады.

Сопылық діннен жеңіл жол іздеу, парыздарға (намаз, ораза) немқұрайлы қарау, дүниелік мақсаттар үшін топ құру емес. Сопылық ұстанымы – Аллаһты

үнемі еске алу, нәпсімен күрес, ғибадатты ықыласпен орындау, ыждаһаттылық және сабырлылықпен амал ету.

Сопылық мақамдардан тұрады. Құлшылық етуші (ғабит), тақуа (захид). Бұл мектептердің өзіне тән әдісі, жолы және мақсаттары бар. Сопылықтың ортақ ұстанымдары – Аллаһты және Пайғамбарды сүю. Тақуалық, дүниеге қызықпау, Аллаһқа риза болу. Тариқат жолына түсуші Шариғат заңдарына бағынып, дүниелік күйбең тіршіліктен бас тартып, өзін Жаратушыға арнағанын қабыл алады. Жаратушының еркіне бойұсынып, бүкіл ойы мен іс – әрекетін Жаратушыға бағыттайды. Сонымен қатар, өзінің бүкіл болмысы мен өмірін Жаратушының қалауына береді. Осылайша сопы Ақиқатқа толық сіңіп кетеді.

Лекция 12. Салафилердің ілімі

Салафия – алғашқы ғалымдар, ислам ұлықтары деген мағынаны беретін ұғым. Пайғамбардың және сахабаларының сенім негіздерінде ұстанған жолын тікелей сол күйінде жалғастырған қауымға Салафилер дейді. Табиундар, мазһаб имамдары және хадисшылар салафилерден саналады. Ашарилік пен Матуридилік шыққанға дейін суннит мұсылмандарда басым болған сенім Салафилік болатын. Салафияның ең басты ерекшелігі – сенім негіздерінде рационалистік пайымдауларға орын бермеу, Құран аяттары және хадистермен шектелу, оларды рәміздік, аллегориялық тұрғыдан интерпретация жасаудан қашу. Алайда «салаф», «салафилер» ұғымы соңғы уақытта әр түрлі мағынада қолданыста жүр. Батыстық әдебиеттер бұл ұғымды көбіне «фундаментализм», «дәстүршілдік» дегендермен қатар қоюда.

Салафилердің мазһаб ретінде алғаш рет ортаға шыққан кезі Х ғасырға тура келеді. Бұл кезде Салафилікті ортаға шығарған адамдар, пікірлерінің түгелінің «Салаф» сенімін (ақида) жаңғыртқан және бұған қайшы барлық пікірлерге қарсы тұрған Ахмед ибн Ханбалға сүйенетіндігін алға тартқан. Бұл кезде Салафилер мен Ашариттер арасында үлкен пікірталас жүрген. Салафилердің ортаға шыққан кезеңінде Ашариттер үлкен басымдыққа ие болып тұрған болатын. Екі бағыт та өздерін «салафтардың» жолындамыз деп санайтын және араларындағы келіспеушіліктердің дені осыған байланысты болатын.

Салафилердің екінші тарихи даму жолы XIII ғасырға тура келеді. Бұл кезеңде Ибн Тәймия адамдарды бар күш-жігерімен Салафтардың жолына шақырды және Салафилікке жаңа түсініктер қосты. Ибн Тәймия Салафия мазһабын қорғау үшін ортаға шықты және үнемі ақылдың функциясын нақылдан төмен қойды. Нақылдың басты негіз, ал ақыл болса соны пайымдау үшін ғана қажет екендігін айтты.

Ибн Тәймиядан кейін Салафия мазһабын шәкірті Ибн Қаййым әл-Жаузия ерекше ықыласпен қорғады. Ибн Тәймиямен басталып, әл-Жаузиямен жалғасын тапқан бұл ағым Салафилердің тарихында қайта жаңғыру кезеңі саналады.

Біршама уақыттан соң салафилік пікірлер XVIII ғасырда қайтадан ортаға шығады. Осы жолы бұл сенімді Араб түбегінде жандандырған Мухаммед бин Абдулуаххаб (өлімі 1792 ж.) болды. Уаххабилердің бұл сенімді ұстап қалулары әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Осы жерге дейін баяндағандарымыздан шығатыны, Салафилік түсініктің бастауы Ислам дінінің алғашқы кезеңдеріндегі сахаба мен табиундардың пікірлеріне сүйенетіндігі. Шыққан кезінен бастап бұл әрекет, кейінгі ғасырларда белгілі бір кезеңдерде өз негізін сақтағанымен, кейбір ерекшеліктермен жаңадан ортаға шығып отырған және Салафилердің тарихында әр түрлі кезеңдерді қалыптастырған. Деректер салафилерді «Алғашқы Салафилер» және «Кейінгі Салафилер» деп екіге бөліп қарастырады.

Алғашқы кезең Салафилері, сенімдік мәселелерде ақыл мен жеке көзқарасты басшылыққа алмастан, Құран мен Сүннеттегі жәйттерді сол күйінде қабылдап, түсінетін. Әсіресе, Алланың атрибуттары, мағынасы жабық аяттар мен тағдыр мәселелерінде ештеңе айтпайтын. Қарсыластарымен пікірталастарға түспейтін және ең дұрыс жол қасиетті мәтіндерді тұрған күйінде қабылдау деп санайтын.

«Кейінгі Салафилер» кезеңі Ибн Тәймия және шәкірті Ибн Қаййым әл-Жаузиямен басталады. Ибн Тәймия және шәкіртімен басталған кейінгі салафилер кезеңі жалпы алғанда алғашқылардың жолын жалғастырды. Алайда бұлар алғашқы салафилердің қарастырмаған кейбір жалпылама мәселелеріне жеке-жеке тоқталып, түсіндірмелер жасап, Салафиликті жүйелеуге талпыныс жасаған.

Ибн Тәймия Ханбали мазһабын ұстанумен қатар, бұл мазһабының барлық ережелерін тұтастай ұстанбаған және өзін бір мазһаб құрушысы, дін ғалымы ретінде есептеген [99]. Ибн Тәймияның ойынша, ақыл арқылы екі дүниенің бақытына бөлену мүмкін емес. Мұның тек екі жолы ғана бар: Біріншісі, пайдалы ғылым, екіншісі ізгі амал. Пайдалы ғылым – Мұхаммед пайғамбардың Алладан әкелген хабарын, Алланы, кітаптарын, періштелерін, пайғамбарларын және ақырет күнін сол күйінде қабылдап сену. Ізгі амал – Алланың бұйырғанындай амал жасау болып табылады [100]. Ибн Тәймияның бұл пікірі бойынша Құран мен Сүннеттен басқа құтылудың жолы жоқ болып тұр. Оның ойынша нақыл ең басты негіз, ақыл оның алдына түсе алмайды. Ол тек қана нақылдың көрсеткендерін пайымдау және қабылдау қызметін атқарады. Ибн Тәймияның Құран және Сүннетте көрсетілмеген, сахабалардың өмір жолдарында орын алмаған жәйттердің барлығына «бидғат (дінге жат, қайшы нәрселер)» деп қарсы шығып, діни мәтіндердің сыртқы мағынасына назар аударып, жеке ой мен ақылды қолдануға қарсы болғандығына байланысты тарихи деректерде әр түрлі оң және теріс пікірлер көптеп кездеседі. Дінде кейіннен пайда болған құбылыстарға барынша қарсы болған Ибн Тәймия, әулиелерді ұлықтауды, қабірлерді зиярат жасауды қатаң сынға алған. Тіпті пайғамбардың қабірін зиярат ету үшін жасалған сапардың өзін дінге қайшы үлкен күнә деп санаған.

Ибн Тәймия мен Ибн Қаййым әл-Жаузиядан кейін Мұхаммед бин Абдулуаххаб, Уаххабилікті құру үшін бұл бағытты қайта жандандырады. Уаххабилік Ханбали мазһабының жалғасы іспетті саналады. Алайда сенімдік мәселелерде Ибн Тәймияның ізімен жүрген, Алланың кейбір сипаттары мен ерекшеліктеріне (жүз (бет), қол, көтерілу т.б. секілді адамдық қасиеттер) байланысты пікірлерінде антропоморфизмге жақын көзқарастарға орын бергені айтылады.

Мұхаммед бин Абдулуаххаб бүкіл бидғаттарды және ескінің қалдықтарын күпірлік деп санап, оларды жою жолында жасалған іс-әрекетті жихад деп білген. Қандай мақсатта жасалса да маңызды емес, сиқыр, бал ашу, ағаштарға шүберек байлау, әулие мазарларын зиярат жасау, кейбір нәрселердің бақытсыздық әкелетіндігіне сену Аллаға ортақ қосу (ширк) болып саналады. Осыларды жасаған және өзін мұсылманмын деп санайтын адамдарды өлтіруге және дүние-мүліктерін пайдалануға болады. Уаххабилер тіпті мешіт мұнараларының өзін де дінге жат нәрсе деп есептейді. Бастауын Ханбали мазһабынан алатын және Ибн Тәймияның пікірлерін негіз етіп қабылдаған Уаххабилік, қазіргі таңда Сауд Аравиясында ұстанатын, дін мен саясаттың қосындысынан дүниеге келген бағыт болып табылады. Бұл бағыт жайлы кейінгі бөлімдерде арнайы тоқталып, діни ілімдеріндегі ерекшеліктерін ашып көрсететін боламыз. Салафилер қазіргі кезге дейін азды көпті жақтастар тауып өмір сүріп келеді. Негізінен діни тәжірибеде Ханбали мазһабын ұстанатындар сенім негіздерінде (ақида) Салафиликті ұстанады. Хадиспен айналысатын ғалымдар да көбіне Салафилик сенімді басшылыққа алады. Қазіргі таңда әлем мұсылмандарының 1-2%-ы Салафилер. Кейбір шектен тыс қатаң көзқарастарға орын беру арқылы ең тығыз орналасқан жері Сауд Аравиясы болып табылады.

Лекция 13. Сенім негіздері

Ислам сенімінің негізі бір Алла Тағалаға ғана құлшылық ету және бір Аллаһтан ғана көмек сұрау (Тауһид).

Ислам - монотеистік, тауһид діні. Ислам араб тілінде берілу, мойынсұну, бейбітшілік, деген мағыналарды білдіреді. Ислам дініне сенген, бой ұсынып көңіл бөлгендерді мұсылман, муслім деп атайды.

Ислам діні бес негізгі тұғырдан тұрады:

1. Алланың барлығына, бірлігіне, хазірет Мұхаммед (с.а.у) Алланың құлы және елшілісі болғандығына көңілмен сеніп, тілімен мыналарды айту керек: “Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі”. Араб тілінде “Ла илаһа иллаллаһ Мұхаммадур Расулаллаһ”

2. Діннің діңгегі намаз. Күніне 5 уақыт намаз;

3. Рамазан айында бір ай ораза ұстау;

4. Белгілі байлық мөлшеріне ие болған мұсылманның байлығының бір бөлігін жылына бір рет Алла Тағаланың ризалығы үшін зекетін беру;

5. Денсаулығы жақсы және жетерлік мал-мүлкі болса қажылық ғибадатын орындау.

Лекция 14. Иман шарттары

Иман шарттары: ислам дінінің атын Алла Тағала қойған. Тауһид – исламның негізі және оның қуатының қайнар көзі. Ислам дінінің заңдары Тауһидке негізделген. Тауһид Алладан басқа тәңір жоқтығын және тек Аллаға ғана құлшылық ету керектігін баяндайды. Тауһид концепциясы Құран-Кәрімнің аяттарында тұжырымдалған. Тауһид негізгі екі тұжырымнан тұрады:

1. Алладан басқа құлшылық етуге лайық тәңір жоқ;

2. Мұхаммед (с.а.у) Алланың елшісі.

Иман шарттары:

1. Аллаһ Тағалаға сену;

2. Аллаһтың періштелеріне сену;

3. Аллаһтың кітаптарына сену;

4. Аллаһтың бүкіл пайғамбарларына сену;

5. Ахирет күніне сену;

6. Тағдырдағы жақсылық пен жамандық Аллаһтың жазуымен болатынына, өлгенен соң тірілудің хақ екеніне сену.

Иманның бұл шарттарының біреуін қабылдамау бәрін жоққа шығарумен тең. Сондықтан мұсылман иманның барлық шарттарына сенуі керек.

Лекция 15. Қазіргі ислам теологиясы

Соңғы кездерде ортаға шыққан исламдағы жаңа бағыттардың бірі, көп айтылып жүрген Уаххабилік ағымы болып табылады. Бұл бағыттың негізін салған Мұхаммед ибн Абдулуаххаб болып табылады. Ол, 1703 жылы қазіргі Сауд Аравиясының Рияд қаласына жақын маңдағы Уайна елді мекенінде өмірге келеді. Алғашқы діни білімді өз әкесінен алады. Одан әрі Мекке мен Мәдинаге барып оқиды. Осы жерде Ибн Тәймияның пікірлерімен танысады. Сосын Басраға барып, ол жерде Тәухид мәселесінде пікірталастар жүргізеді және дінді тікелей Құран мен Сүннеттен үйрену керек дегенді алға тартады. Уаххабилік дүниетаным қазіргі таңда Сауд Аравиясының ресми идеологиясы қызметін атқарып отыр. Мысыр, Үндістан, Африка және кейбір Ислам елдерінде жақтастары бар. «Уаххаби» атауы қарсыластары тарапынан құрушысының тірі кезінде беріліп, қазір де осы атпен аталуда. Уаххабилік ислам дінін жаңа қырынан түсіндіре отырып, қатаң қағидаларға негізделген бір бағыт ретінде шыққаннан кейін саяси сипат алып, әрі қарай осы бағытта дамиды. Бұл ағым өздері айтқандай, Араб сахараларында тұлғаларды қасиет тұтып, олардың қабірлерін зиярат ету арқылы Аллаға жақындауды қабылдаған кейбір дінге жат нәрселердің көбеюінен ортаға шыққан. Уаххабилер өздерін «Муваххидин» (Тәухидті ұстанушылар) деп, Ибн Тәймияның айтқанындай Ахмед ибн Ханбалдың мазабын жалғастырушы сунниттерміз деп есептейді. Уаххабилік деген нәрсе жоқ. Мухаммед ибн Абдулуаххаб исламды жаңалаған үлкен ислам ғалымынан басқа ешкім емес деген пікірді айтады. Алайда бұлардың діни тәжірибеде жаңа негіздер қабылдағанын, фанатизмнен қантөгіске дейін барған шектен шығушылыққа бой алдырғандарын, ар-ұждан бостандығын танымайтындықтарын және көптеген мәселеде Ахмед ибн Ханбал

мен Ибн Тәймияға қайшы келетіндіктерін алға тартқандар да бар. Осы тұрғыдан алғанда Уаххабилікті исламдағы жаңа бағыттардың бірі ретінде қарастыру қажет болып табылады.